

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 353 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 567 қаулысымен бекітілген Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сыртқы экономикалық қызметінің жалпы тауар номенклатурасы туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинаумен (дайындаумен), сақтаумен, өңдеумен және сатумен айналысатын шаруашылық субъектілерінің қызметін бақылауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 қаңтардағы N 23 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 1, 8-құжат):

1-тармақта:

бірінші абзацта "Экономика, индустрия" деген сөздер "Индустрия" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші абзацта "Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сату жөніндегі қызметін лицензиялаудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 қыркүйектегі N 969 " деген сөздер "Қайталама қара және түсті металдар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 наурыздағы N 383 " деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетімен " деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының* (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН) 7204**, 7404 00 кодтары бойынша қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын және ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН 7601 20 910 0, 7601 20 990 0, 7606 11 990 0, 7606 12 500 0, 7606 12 990 0, 7606 91 000 0, 7606 92 000 0, 7616 99 100 0 кодтары бойынша олардан жасалған бұйымдарды , сондай-ақ ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН 7302, 8607** кодтары бойынша қолданыста болған рельстерді, темір жол төсеніші мен жылжымалы құрамның элементтерін Қазақстан

Республикасының кедендік аумағынан контрабандалық әкетудің жолын кесу мақсатында тек қана темір жол және теңіз көлігімен экспорттауға рұқсат берсін.

* Тауар номенклатурасы тауардың ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН кодымен де, атауымен де белгіленеді.

** Көлік түрлері бойынша экспортты шектеу көрсетілген тауарлар нақты жағдайда баратын елі болып табылатын Еуропалық Одаққа мүше елдердің аумағына экспортталған жағдайда қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы 3-1 тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарының, сондай-ақ бұрын қолданыста болған рельстердің, темір жол төсеніші мен жылжымалы құрам элементтерінің транзиті кезінде ілеспе құжаттарда көрсетілген жүктің нақты болуына бақылауды күшейтсін.";

2) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен;

3) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Ағаш пайдаланудың жеке мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 785 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 22, 239-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 785 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қарашадағы N 1163 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 44, 473-құжат).

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 14 сәуірдегі
N 353 қаулысына
1-қосымша

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 14 сәуірдегі
N 353 қаулысына
2-қосымша

Тауарлар экспорты кедендік режиміне орналастыруға

тыйым салынған тауарлардың тізбесі

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 14 сәуірдегі
N 353 қаулысына
3-қосымша

Тауарлардың кері экспорты кедендік режиміне орналастыруға
тыйым салынған тауарлардың тізбесі

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК